

**Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 тамыздағы XXVI сессиясының "Жаңаарқа ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 26/227 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 маусымдағы XXXV сессиясының N 35/309 шешімі. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 шілдеде N 8-12-110 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2011 жылғы 15 қарашадағы N 41/353 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2011.11.15 N 41/353 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына сәйкес аудандық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 тамыздағы XXVI сессиясының "Жаңаарқа ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 26/227 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізіліміне N 8-12-80 болып тіркелген, "Жаңаарқа" газетінің 2010 жылғы 11 қыркүйектегі N 51 (9406) санында жарияланған), Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы XXXI сессиясының N 31/272 "Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 тамыздағы XXVI сессиясының "Жаңаарқа ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 26/227 шешіміне толықтыру енгізу туралы" шешімімен толықтыру енгізілген (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізіліміне N 8-12-102 болып тіркелген, "Жаңаарқа" газетінің 2011 жылғы 10 қаңтардағы N 3-4 (9430) санында жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Жаңаарқа ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінің (бұдан әрі – Ереже) 18 тармағында "алу құқынан айрылады" сөздері "ала алмайды" сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) Ереженің 21 тармағында "етуге міндетті" сөздері "етуі қажет" сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) Ереженің 28 тармағында үшінші, төртінші, бесінші абзацтар жаңа редакцияда м а з м ұ н д а л с ы н :

- "1) салық төлеушінің тіркеу номері;  
2) әлеуметтік жеке коды;  
3) екінші деңгейдегі банкте немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымда ашылған жеке шоты.";  
4) Ереженің 37, 38 тармақтарында абзацтардың басында "-" белгілері алынып т а с т а л с ы н ;  
5) Ереженің 60 тармағының он бесінші абзацында ";" тыныс белгісі "." тыныс белгісімен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың халықты әлеуметтік қорғау және заңдылықты сақтау жөніндегі тұрақты комиссиясына ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық Мәслихаттың кезекті  
XXXV сессиясының төрағасы                      Ә. Сәрсембеков  
Аудандық Мәслихат хатшысы                      Д. Жұмасейітов*  
КЕЛІСІЛДІ:

*"Жаңаарқа ауданының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы                      Ш. Ибраева*  
2011 жылғы 28 маусым